

**«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері кезектен тыс жалпы
жиналысының №1/2013 хаттамасы**

Толық атауы	«ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамы
Атқарушы органның орналасқан жері	Қазақстан Республикасы Астана қ., Қабанбай батыр даңғылы, 19,
Акционерлер жалпы жиналысы	Қазақстан Республикасы Астана қ., Қабанбай батыр даңғылы, 19,
өткізілетін орын	
Өткізу күні	2013 жылғы 13 наурыз
Акционерлерді тіркеуді бастау	09 сағат 00 минут
Акционерлерді тіркеуді аяқтау	12 сағат 00 минут
Акционерлер жалпы жиналысының басталуы	15 сағат 00 минут
Акционерлер жалпы жиналысының аяқталуы	16 сағат 35 минут

«ҚазТрансОйл» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің 2013 жылғы 6 ақпандағы шешімімен (отырыстың №1/2013 хаттамасы) мынадай күн тәртібімен шақырылды:

1. 2013 – 2015 жылдарға «ҚазТрансОйл» АҚ-да аудитті жүзеге асыратын аудитор ұйымды, қаржы есептілігінің аудиті үшін аудиторлық ұйым қызметтерінің ақысы мөлшерін белгілеу және оның қызметтерін бір көзден алу тәсілімен сатып алу туралы.

2. «ҚазТрансОйл» АҚ басқарушы қызметкерлеріне жыл ішіндегі жұмыс қорытындылары бойынша жалақының айнымалы бөлігін төлеу қағидасының күші жойылды деп тану туралы.

3. «ҚазТрансОйл» АҚ есеп комиссиясының сан құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау туралы.

Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын (бұдан әрі – Жиналыс) өткізу туралы ақпарат 2013 жылғы 8 ақпанда республикалық баспа басылымдарда және Қоғамның сайтында жарияланды.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 46-бабының 1-тармағына сәйкес есеп комиссиясының міндеті Қоғамның тіркеушісі – «Бағалы қағаздарды бірыңғай тіркеуші» АҚ-на жүктелді.

«ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамы жарғысының 9-бабы 39-тармағына сәйкес Қоғамның топтық хатшысы А. С. Майкенов Қоғам Жиналысының хатшысы болады.

Қоғамның Бас директоры (Басқарма төрағасы) Қ. М. Қабылдин есеп комиссиясының төрағасы К. Х. Найыповқа сөз берді.

К. Х. Найыпов Қоғам акционерлерінің Қоғам тіркеушісі – «Бағалы қағаздарды бірыңғай тіркеуші» АҚ берген тізімге сәйкес 2013 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша Қоғам орналастырған жай акциялардың жалпы саны 384 635 599 дананы құрайды.

Есеп комиссиясы берген деректер бойынша Қоғам Жиналысына қатысу үшін акционерлерді тіркеудің аяқталу кезеңіне Қоғамның жиыны 352 170 523 дауыс беруші жай акцияларына немесе дауыс беруші акциялары жалпы санының 91,559%-ына ие 71 акционер және олардың өкілдері тіркелген.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 45-бабының 1-тармағына сәйкес егер жиналысқа қатысушыларды тіркеудің аяқталу кезеңіне акционерлер тізіміне кіргізілген, оған қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар, Қоғамның дауыс беруші акцияларының елу және одан көп пайызына ие акционерлер немесе олардың өкілдері тіркелсе, акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібі мәселелерін қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы.

Осы аталғандар негізінде Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізуге және күн тәртібі мәселелері бойынша дауыс беруге көпшілік құрам бар.

Барлық қатысушы акционер тіркелген және олардың өкілдерінің өкілеттігі тиісінше түрде тексерілді. Жиналысқа қатысушы барлық акционерге және олардың өкілдеріне күн тәртібі мәселелері бойынша материалдар және дауыс беруге арналған бюллетеньдер берілді.

Бұдан әрі К. Х. Найыпов акционерлердің жалпы жиналыстағы құқықтарын іске асыру мәселелерін және дауыс беру тәртібін түсіндірді.

Қ. М. Қабылдин Директорлар кеңесінің төрағасы Н. Н. Шмановқа сөз берді, ол акционерлерге Қоғам Жиналысының күн тәртібіне өзгерістер мен толықтырулардың жоқ екендігін хабарлады.

Қ. М. Қабылдин Қоғамның Жиналысын өткізу үшін ашық дауыс беру нысанын белгілеуді ұсынды.

Ұсыныс «бір акционер – бір дауыс» қағидаты бойынша дауысқа қойылды.

Дауыс берді:

«Жақтау» – 57 дауыс

«Қарсы» – дауыс жоқ
«Қалыс қалу» – дауыс жоқ

Шешім көпшілік дауыспен қабылданды: «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы күн тәртібі мәселелері бойынша дауыс берудің ашық нысаны белгіленсін.

Қ. М. Қабылдин Қоғам Жиналысының төрағалығына Нұртас Нұрибекұлы Шмановты сайлауды ұсынды.

Осы мәселе дауыс беруге қойылды.

Дауыс берді:

«Жақтау» – 352 156 593 дауыс

«Қарсы» – дауыс жоқ

«Қалыс қалу» – дауыс жоқ

Шешім көпшілік дауыспен қабылданды:

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының төрағасы болып Нұртас Нұрибекұлы Шмановты сайлансын.

Бұдан әрі Н. Н. Шманов Қоғам Жиналысын өткізу регламентін жариялады және мынадай күн тәртібін дауысқа қойды:

1. 2013 – 2015 жылдарға «ҚазТрансОйл» АҚ-да аудитті жүзеге асыратын аудитор ұйымды, қаржы есептілігінің аудиті үшін аудиторлық ұйым қызметтерінің ақысы мөлшерін белгілеу және оның қызметтерін бір көзден алу тәсілімен сатып алу туралы.

2. «ҚазТрансОйл» АҚ басқарушы қызметкерлеріне жыл ішіндегі жұмыс қорытындылары бойынша жалақының айнымалы бөлігін төлеу қағидасының күші жойылды деп тану туралы.

3. «ҚазТрансОйл» АҚ есеп комиссиясының сан құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау туралы.

Дауыс берді:

«Жақтау» – 352 156 729 дауыс

«Қарсы» – дауыс жоқ

«Қалыс қалу» – дауыс жоқ

Шешім көпшілік дауыспен қабылданды:

Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының мына күн тәртібі бекітілсін:

1. 2013 – 2015 жылдарға «ҚазТрансОйл» АҚ-қа аудитті жүзеге асыратын аудитор ұйымды, қаржы есептілігінің аудиті үшін аудиторлық ұйым қызметтерінің ақысы мөлшерін белгілеу және оның қызметтерін бір көзден алу тәсілімен сатып алу туралы.

2. «ҚазТрансОйл» АҚ басқарушы қызметкерлеріне жыл ішіндегі жұмыс қорытындылары бойынша жалақының айнымалы бөлігін төлеу қағидасының күші жойылды деп тану туралы.

3. «ҚазТрансОйл» АҚ есеп комиссиясының сан құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау туралы.

Қоғам Жиналысының төрағасы Н. Н. Шманов күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша сөзді бас директордың (Басқарма төрағасының) экономика және қаржы жөніндегі орынбасары А. Т. Илеуовке берді.

А. Т. Илеуов 2013 жылғы 15 наурызда Қоғам мен «Эрнст энд Янг» ЖШС арасында жасалған 2010-2012 жылдарға қаржы есептілігіне аудит бойынша қызметтерді ұзақ мерзімді сатып алу бойынша шарттың қолдану мерзімінің аяқталатынын хабарлады.

«Самұрық-Қазына» АҚ және дауыс беруші акцияларының (қатысу үлесінің) елуден астам пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ-на тиесілі ұйымдар үшін 2012 жылғы 2 қазандағы Аудиторлық ұйымды таңдау тәртібін басшылыққа ала отыра, Бірыңғай комиссия өткізілген рәсімдер қорытындылары бойынша Қоғамның уәкілетті органына 2013-2015 жылдарға сыртқы аудитор етіп «Эрнст энд Янг» ЖШС-ін ұсынды (2013 жылғы 21 қаңтардағы №2 хаттама).

Осы мәселе сондай-ақ ішкі аудит комитетімен, Қоғамның директорлар кеңесімен қаралды және 2013 жылғы 06 ақпанда Қоғамның жиналысына қарауға шығарылды.

Айтылған енгізінде, Қоғамның 2013-2015 жылдарға аудитті жүзеге асыратын ұйым болып «Эрнст энд Янг» ЖШС және Қоғамның 2013-2015 жылдарға қаржы есептілігіне аудит үшін оның қызметтеріне ақы төлеу мөлшері 171 965 673 (бір жүз жетпіс бір миллион тоғыз жүз алпыс бес мың алты жүз жетпіс үш) теңге мөлшерінде белгіленсін.

Қолданыстағы сатып алулар рәсімдеріне сәйкес Тапсырысшы жарғысына сәйкес оның құзыреттілігіне аудиторлық ұйымды анықтау бойынша шешім қабылдау жатқызылған Тапсырысшының аудитін жүзеге асыратын Тапсырысшы уәкілетті органының шешімі негізінде сатып алулар бір көзден жүзеге асырылады.

Осы мәселе дауыс беруге шығарылды.

Дауыс берді:

«Жақтау» – 352 146 287 дауыс

«Қарсы» – 6803 дауыс

«Қалыс қалу» – дауыс жоқ

Шешім көпшілік дауыспен қабылданды:

1. Белгіленсін:

1) «Эрнст энд Янг» ЖШС 2013-2015 жылдарға «ҚазТрансОйл» АҚ-тың аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйым болып;

2) «ҚазТрансОйл» АҚ-тың 2013-2015 жылдарға қаржы есептілігінің аудиті үшін аудиторлық ұйым «Эрнст энд Янг» ЖШС қызметтерінің төлем мөлшері ҚҚС есебімен, 171 965 673 (бір жүз жетпіс бір миллион тоғыз жүз алпыс бес мың алты жүз жетпіс үш) теңге мөлшерінде.

2. «ҚазТрансОйл» АҚ-тың 2013-2015 жылдарға қаржы есептілігінің аудитін өткізу бойынша қызметтер бір көзден тәсілімен «Эрнст энд Янг» ЖШС-дан сатып алынсын.

3. «ҚазТрансОйл» АҚ-тың бас директоры (Басқарма төрағасы) Қ. М. Қабылдин белгіленген тәртіпте осы шешімді жүзеге асыру бойынша қажетті шараларды қабылдасын.

Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша Қоғам Жиналысының Төрағасы Н. Н. Шманов адам ресурстарын басқару департаментінің директоры С. И. Ақбергеновке сөз берді.

1. С. И. Ақбергенов 2012 жылғы 15 қарашада Қоғам директорлар кеңесінің шешімімен Қоғамның басшы және басқарушы қызметкерлеріне бір жылғы жұмыс қорытындылары бойынша сыйақы төлеу Ережелерінің бекітілгенін акционерлерге хабарлады. Көрсетілген шешіммен «ҚазТрансОйл» АҚ Жалғыз акционерінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы 28 қаңтардағы №33 шешімімен бекітілген «ҚазТрансОйл» АҚ басқарушы қызметкерлеріне бір жылғы жұмыс қорытындылары бойынша жалақының айнымалық бөлігін төлеу қағидасының күші жойылған күнінен бастап көрсетілген Ережелерінің қолданысқа енгізілетіні қарастырылған.

2. Осыған байланысты Қоғам жиналысының қарауына Қоғамның басқару қызметкерлеріне бір жылғы жұмыс қорытындылары бойынша жалақының айнымалық бөлігін төлеу ережелері күшінің жойылғанын тану туралы мәселе шығарылады.

Осы мәселе дауыс беруге шығарылды.

3. Дауыс берді:

«Жақтау» – 352 133 372 дауыс

«Қарсы» – 0 дауыс

«Қалыс қалу» – 9 927

Шешім көпшілік дауыспен қабылданды:

«ҚазТрансОйл» АҚ Жалғыз акционерінің шешімі болып табылатын «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның 2008 жылғы 25 қаңтардағы №33 бұйрығымен бекітілген «ҚазТрансОйл» АҚ басқару қызметкерлеріне бір жылғы жұмыс қорытындылары бойынша жалақының айнымалық бөлігін төлеу ережелері күшінің жойылғаны танылсын.

Күн тәртібінің үшінші мәселесі бойынша Қоғам Жиналысының Төрағасы Н. Н. Шманов топтық хатшы А.С. Майкеновке сөз берді.

А.С. Майкенов «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы заңының 36-бабы 1-тармағы 4) тармақшасына және Қоғам жарғысының 10-бабы 1-тармағы 9) тармақшасына сәйкес Қоғам акционерлерінің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналыстарын ұйымдастыру және тиісті түрде өткізу үшін қызметіне акционерлердің жалпы жиналыстарына қатысу үшін, соның ішінде және акционерлердің жалпы жиналысын өткізудің барлық уақытына келген уәкілетті тұлғаларды тексеру, қатысушыларды тіркеу және оларға күн тәртібі мәселелері бойынша материалдарды беру, кворумның болуын анықтау, және кворумның болуы немесе жоқтығы туралы хабарлау, қаралған мәселелер бойынша дауыстарды есептеу және дауыс беру қорытындыларын шығару кіретін есеп комиссиясын сайлау қажет.

Осыған байланысты, Қоғам директорлар кеңесі Қоғам есеп комиссиясының сандық құрамының – 15 (он бес) адам, өкілеттік мерзімі – 3 (үш) жыл деп анықтау ұсынысын енгізді. Есеп комиссиясының төрағасы ретінде Г. Қ. Рысбекованы сайлау ұсынылды.

Осы мәселе дауыс беруге шығарылды

Дауыс берді:

«Жақтау» – 352 149 722 дауыс

«Қарсы» – 0 дауыс

«Қалыс қалу» – 3 232

Шешім көпшілік дауыспен қабылданды:

1. Белгіленсін:

- 1) «ҚазТрансОйл» АҚ есеп комиссиясының сандық құрамы – 15 (он бес) адам;
- 2) «ҚазТрансОйл» АҚ есеп комиссиясының өкілеттік мерзімі – 3 (үш) жыл.

2. «ҚазТрансойл» АҚ есеп комиссиясының мүшелері болып «ҚазТрансойл» АҚ-тың мына қызметкерлері сайлансын:

- 1) Рысбекова Гүлмира Қарасайқызы – есеп комиссиясының төрағасы;
- 2) Әбдібаева Светлана Әуепенқызы;
- 3) Әбілбеков Самат Асхатұлы;
- 4) Баян Зухра Баянқызы;
- 5) Жүкенова Салтанат Мелсқызы;
- 6) Елекеева Гүлжан Иракқызы;
- 7) Қабақаева Арайлым Мұратбекқызы;
- 8) Қожахметов Серік Маратұлы;
- 9) Қожыбаева Алмагүл Бәкібайқызы;
- 10) Қозыке Сағындық Әзімханұлы;
- 11) Нұркина Данара Айтмұхамбетқызы;
- 12) Оспанова Камила Мұратқызы;
- 13) Соқытбаева Самал Аманжолқызы;
- 14) Тоғжанова Аяжан Ералықызы;
- 15) Төлегенова Римма Рүстембекқызы.

3. «ҚазТрансОйл» АҚ-тың бас директоры (Басқарма төрағасы) Қ. М. Қабылдин осы мәселені іске асыру бойынша қажет шараларды қабылдасын.

Күн тәртібіндегі барлық мәселелер бойынша шешімдер қабылданғаннан кейін Қоғам Жиналысының Төрағасы Н. Н. Шманов Қоғам Жиналысының жұмысына қатысқаны үшін акционерлерге алғыс білдіріп, Жиналысты жабық деп жариялады.


Акционерлердің кезектен тыс
Жалпы Жиналысының төрағасы  Н. Шманов

Акционерлердің кезектен тыс
Жалпы Жиналысының хатшысы  А. Майкенов

Есеп комиссиясы  К. Найыпов

Т. Искаков

А. Құлатаева

Жай акциялардың 10%-на
ие акционер атынан  Н. Шманов

